

**6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған ТАСБУЛАТОВА ӘЛИЯ АБДУЛ-КАДЫРҚЫЗЫНЫҢ «Қазақстан Республикасында балалардың саяси құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғаудың құқықтық механизмдері: мәселелері және даму болашағы» тақырыбындағы диссертациясына**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Балалардың қауіпсіздігі, олардың лайықты өмір сүруге құқы және дамуы қазіргі Қазақстанның өткір мәселелерінің бірі болып отыр. Елеулі құқықтық, әлеуметтік және өзге де кешенді шараларға қарамастан, соңғы кездері болған атышулы оқиғалар балалардың әлсіз қорғалған азаматтар санаты екендігін көрсетті. Олардың өміріне, денесіне қол сұғылмаушылығына төнуші қауіптер мен әлеуметтік тұрғыда әлсіз қорғалуы әлі де сақталуда, қабылданып жатқан шараларға қарамастан тіпті кейбір жағдайларда одан әрі өрши түсуде.

Аталған мәселелермен қатар біздің ойымызша, балалардың қазіргісі мен болашағына байланысты шешімдер қабылдауға қатысу құқығын қамтамасыз ету мәселелері де өзекті бола түсуде, мәселен олардың мемлекеттік органдарға жолдану құқы, ақпараттар алуға құқы, теріс ақпараттардан қорғану құқы, бірігуге құқы мен әдебиеттерде саяси деп аталып кеткен өзге де құқықтары. Ұсынылып отырған зерттеудің тұжырымдарына шенеуніктердің, білім беру мекемелерінің және қоғамның өзге де топтарының тарапынан әртүрлі қарсылықтарына тап болатының түсініп отырмыз. Дегенмен, біздің ойымызша төмендегілерді ескеру қажет:

Біріншіден: Қазақстан халқының саны өсе түсуде. ҚР Статистика комитетінің 2019 жылғы мәліметі бойынша ҚР халқы 18 млн 811 мың адам болып отыр, оның 4 млн. 012 мыңы 15 жастан кіші (21,6 %), бұл сан қарқынды түрде, күніне 790 адамға өсіп, орын басу коэффициенті 30,4 %-ке тең болып отыр. Қазақстанда 2018 жылдың басында 0 ден 17 жасқа дейінгі 5,7 млн бала болды. «Қазақстан жастары-2018» Ұлттық баяндамасында «Статистика комитетінің мәліметі бойынша 2017 жылдың басында 14-28 жас аралығындағы жастардың саны 3 994 393 адамды (жалпы халық санының 22,3%) құрады...Қазақстандық жастардың жастық құрылымы үш топтан тұрды: кіші (14-18 жас) – 1 116 126 адам, орта (19-23 жас) – 1 284 937 адам, ересек (24-28) – 1593 330 адам», деп атап өтілді.

Бұл статистикалық мәліметтер Қазақстандағы балалар мен жастардың санының үдемелі түрде өсіп келе жатқандығын, және халықтың 30 пайызынан асып отырғандығын көрсетеді.

Мұндай көрсеткіштер жиынтығы өскелең буынды тәрбиелеу мен қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруды жан-жақты және жүйелі түрде қараудың өзектілігін, балаларды еліміз бен ұлтымыздың болашағы ретінде қабылдауды талап етеді.

Екіншіден: Балалар мен жастарды тек демографиялық тұрғыда ғана емес, ерекше мәртебеге ие, моральдық-өнегелік жағдайдағы, сондай-ақ білім деңгейі

мен сапасына ие әлеуметтік-психологиялық халықтың тобы ретінде де қарау қажет. Ал бұл жағдайлар барлық әлеуметтік қатынастарға, материалдық өндіріс пен рухани игіліктерге сөзсіз әсер етеді. «Қазақстан жастары - 2019» Ұлттық баяндамасында былайша аталып өткен: «Жастар өздерінің ерекше мәртебесіне байланысты еліміздің болашағын айқындайтын маңызды әлеуметтік-демографиялық топ. Олардың әлеуметтендірілуі факторына алдағы онжылдықтардағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық жаңғыртылуының іске асуы тікелей тәуелді болады. Өйткені жас буынға реформаларды жүзеге асыру жүктеліп, одан әрі мемлекеттің жаңа даму стратегиясын ойластыру мен іске асыру тапсырылады».

Алдыңғы буынды жас буынның алмастыруы үздіксіз үдеріс, сондықтан өскелең ұрпақтың сапалы болып өсуі мен олардың дұрыс шешім қабылдауы маңызды мәселе. Әр қадамы үшін жауапкершілікті сезіну балалық шақтан бойға сіңірілуі тиіс, мұнда балалардың өз пікірін білдіруге мүмкіндік беріле отырып, олар өздерінің өмірлеріне қатысты сұрақтарды шешуге белсенді түрде қатысып, микро деңгейден мүмкіндігінше кең ауқымды деңгейге дейін бастамашылық жасау жағдайын тудыру қажет.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі заманғы тиімді мемлекеттің даму жолдары анықталынды, соның ішінде «билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптаструға болады. Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпымемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет», деп баса айтты. Президенттің бұл ұстанымы оның Euronews арнасына берген сұхбатындағы мына сөздерімен бекітіле түседі: «Менің саяси басымдылығым – жастарды саясатқа тарту, мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуде оларға көмектесу. Қарсылық білдіруші қозғалыстардың өкілдері келісім үстеліне шақырылады, мәселелер тәртіпсіздіктер мен хаос жайлаған көшеде емес, осылайша шешіледі». Осыларға байланысты мемлекет пен жастардың қазіргі кездегі қарым-қатынасының жай-күйіне, оның мәселелері мен болашағына талдау жасау өте маңызды болып отыр. Диалогтық процестің құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың балалар мен жасөспірімдермен өзара байланысын қарастыру қажет, өйткені ол да өзінің басымдылықтары бар азаматтық қоғамның бір бөлшегі болып табылады.

Әлемдік қоғамдастықта балаларды әлеуметтендірудің, оларды қоғамның мәселелерін шешуге тартудың бай әдістері мен құралдары қалыптасқан. Балалардың мемлекет пен қоғамның өміріне араласу құқығы халықаралық заңнамамен халықтың лайықты өмір сүруінің, мемлекет пен әлемдік қауымдастықтың толыққанды дамуының маңызды шарты ретінде бекітілген. Соңғы кездері балалар өз ұстанымдарын белсенді білдіруде. Мұның айқын мысалы 15 жасар Грета Тунбергтың 2019 жылдың қыркүйегінде БҰҰ-ның Климаттық конференциясындағы сөзі болып табылады. Бұл БҰҰ тарихындағы

1992 жылғы Стокгольмдегі 12-13 жастағы экологиялық топ өкілдері атынан сөйлеген Северан Сузукиден кейінгі екінші баланың сөзі. Сонымен бірге бүкіл әлемді қамтып отырған балалар мен жасөспірімдердің «экологиялық шеруі» де маңызды мәселе.

Балалар мен жастардың тікелей де балалар ұйымдарының жұмыстары арқылы көрініс беруі тиіс. Алайда, олардың саны статистика бойынша өсе түскенімен, Қазақстанда мұндай ұйымдардың пікірлерін ескерудің нақты жүйесі қалыптаспаған. Ал балалардың жолдану құқығы тіпті сын көтермейді. Бізде аймақтық та, республикалық та деңгейдегі мәселелерді шешуде балалардың тілектері мен пікірлерін ескеру жағдайлары тіпті жоқтың қасы. Ал әлемде балалардың әсері жөніндегі Финляндия мен Германия тәжірибесі кеңінен қолданылады. ЕО пен өзге де елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жастардың азаматтық ұстанымдарын оларды қоғамдық істерге тарта отырып қалыптастыру мемлекеттің маңызды тәрбиелік және білім беру функциясы ретінде қарастырылуы тиіс, ал бұл өз кезегінде сәйкесінше мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік-құқықтық актілерде бекітілуі қажет.

Үшіншіден. Жастардың прогрессивті бөлігінің белсенділігінің арта түсуімен, әлемдік қауымдастық жастардың саяси процестерге қызығушылығының төмендеуі мәселесімен бетпе-бет келіп отыр. Саясаттанушылардың пікірінше, бұл бүкіл әлемдік қоғамдастықтың болашағына кері әсерін тигізеді. 20 ғасырдың аяғынан бастап ЕО өскелең ұрпақты саяси процестерге белсенді тарту арқылы саяси тәрбиелеу саясатын қолға алуда. Олар: сайлау құқы жасын төмендету; жастардың саяси ұйымдарының рөлін күшейту; балар мен жастардың мүдделеріне қатысты мәселелерді шешкенде олардың пікірлерін ескеру және т.б. ПРООН осыларға байланысты бірқатар әдістемелік ұсыныстар мен ережелерді қабылдады.

Еліміздің жастары да бірқатар себептерге байланысты саяси процестерден шеттелу бағытына арай ойысуда: сенімсіздік, көңіл қалушылық, әлеуметтік тұрғыда қанағаттанбаушылық және т.с.с. Сәйкесінше біздің алдымызда да Қазақстан жастарын саяси белсендендіру, саяси оқыту және мадақтау міндеттері тұр. Жастар инновациялық процестерге ашық, стандартты емес ойлауға ие және жағымсыз әсерлерден еркін күш-қуаты кемел буын болып есептеледі. Олар Қазақстанның болашағы, сондықтан бүгінгі күннен оларға еліміздің болашағын жақсарту үшін саяси мүмкіндіктер мен құралдарды игеруге мүмкіндік беретін арсеналды ұсынуды мүмкіншіліктерін қарастыру қажет. Қарастырылып отырған мәселенің жоғарыда келтіріліген барлық аспектілері «балалардың саяси құқтары» дефинициясын тану қажеттілігін оның саяси мазмұны мен мәнін талдай отырып тануды талап етеді.

Соңғы жылдары балалардың саяси құқтары теориясы кеңінен ұсынылуда, ол балалар да (18 жасқа толмаған) барлық азаматтар секілді толық құқықтар мен бостандықтар кешеніне ие деген негіге сүйенеді. Осы жерде атап өтер маңызды жайт, бұл зерттеу баланың өз өмірінің маңызды тұстарын таңдау құқына қатысты емес (некеге тұру, секс, жұмыс таңдауға, білім алуға, суицидке құқыққа және т.с.с.). Біздің бұл мәселелерге байланысты ұстанымымыз

бойынша, мұндай маңызды сұрақтарды ата-аналар балалардың пікірлерін ескере отырып өз мойындарына алуы тиіс.

Бұл теория И. Седерберг-Лаппалайненнің 1987 жылы Швецияға қарсы берген талабынан бастау алады, онда алғаш рет балалардың саяси құқы туралы мәселе қойылды. Осы кезде Адам құқытары жөніндегі Комиссия осындай сұрақты адам құқытарын қорғау жөніндегі халықаралық орган деңгейіне көтеріп қарастырды. Дегенмен бұл іс бойынша Комиссия белгілі бір жасқа толмаған балалардың психикалық және саяси өсу деңгейіне, жекелеген саяси құқытарына байланысты біржақты тұжырым жасады. Бұл құқықтық жағдай балалардың саяси құқытарын дамыту аспектілеріне ғылыми және тәжірибелік қызығушылық туғызды.

Нәтижесінде, 1989 жылы БҰҰ-ның Балалардың құқытарын қорғау жөніндегі Конвенцияның қабылдануы кәмелетке толмаған тұлғалардың шектелген құқытарының жаңа халықаралық-құқықтық стандартының туындағанын көрсетті. Дегенмен көптеген мемлекеттер бұл Конвенцияны саяси құқықтарға қатысты оның бірқатар ережелерін танымайтындығын ескертумен қабылдады.

Бүгінгі таңда да бұл мәселе біржақты шешілмеген. Фин ғалымы М.А. Риэкинненнің «халықаралық құқықтың жаңа стандарттарының қалыптасқанымен, бүгінгі күні құқықтану ғылымында да, жекелеген мемлекеттердің тәжірибесінде де балалардың саяси құқытарының бар екендігі туралы тұғырлы келісім жоқ. Балаларға саяси құқықтарды бермеуді жақтайтын авторлардың пікірін мен балалардың саяси құқытарының бар екендігін жақтайтындардың пікірін бірдей ескере отырып, кәмелетке толмағандардың шектеулі саяси құқытарының бар екендігі заңдылығын қорғау керек» деген пікірмен келіспеуге болмайды.

Отандық әдебиетте балалардың саяси құқытарына арналған жұмыс жоқ. Ал қолданыстағы заңнамамен жарияланған балалардың жекелеген құқытары тек саяси-құқықтық сипатқа ие. Сонымен қатар Қазақстанда кәмелетке толмағандарды саяси істерге тарту ғылыми да, құқықтық та, тәжірибелік те тұғырдан қарастырылмаған. Қазіргі жағдай жастардың мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарына қатыстыру мәселесін айқындауды талап етеді, өйткені саяси белсенділіктің бей-берекет дамуы қарсылық нысандарының жағымсыз жақтарына алып келеді.

Осыларға байланысты балалардың саяси құқытарының бар екендігін, тіпті «шектелген» түрде болса да тану пісіп-жетіліп тұрған мәселе деп есептейміз. Сонымен бірге балалардың жекелеген құқытарын жүзеге асыру механизмдеріне белгілі бір түзетулер енгізу, арнайы нормативтік-құқықтық актілер қабылдау арқылы жастардың құқытарын кеңейте отырып бірінғай мемлекеттік саясат қалыптастыру, жастарды мемлекет пен қоғамның ісіне тікелей тарта отырып жастар саясатымен айналысатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың функцияларын анықтау да кезек күттірмейтін мәселе.

Біздің көзқарасымыз бойынша, «балалардың саяси құқытарының» болуын және оның адам құқытарының жүйесіндегі рөлін теориялық тұрғыдан тану, олардың күнделікті өмірде кездесетін мәселелерімен оған қарсы тұлғалармен «ушықтырыла» түсуде. Бұл өз құқытары мен мүдделерін қорғау үшін

мемлекеттік органдарға тікелей жолдану мүмкіндігінің болмауы. Бұл саяси білімнің төмендігі, саяси процестердегі бағдар ала алмаушылық, олардың санасын улаушылық және т.с.с. Бұлардың барлығы қалыптасып отырған жағдай мен балалардың құқтары жүйесін мен оларды қорғау мен қамтамасыз ету жүйелерін түбірлі түрде терең қарастыруды талап етеді.

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты ғылыми және саяси қоғамдастықтың назарын балаларға жеке тұлға ретінде қарауға, олардың пікірлері мен ұсыныстарының олардың өз өмірлерінің қауіпсіздігі мен сапасына, тәрбиесі мен білім алуына және тағы да басқа маңызды сұрақтарды шешу кезінде ескерілуі қажеттігіне аударту. Бұл пікірлерді білдіру жолдарын тұрақты және екіжақты диалог жүйелері ретінде зерттеуді көздеу.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** таңдалған тақырыптың өзінен көрінеді. Балалардың саяси құқтарының жеке құқықтық институт ретінде танылуы және бөліну тенденциясы 20 ғасырдың аяғында басталып, қазіргі таңда қалыптасып отырған саяси ахуалға, ғалдасу мен ақпараттадыру процестерінің дамуына, өскелең буынның ерте есеюіне байланысты одан сайын өзекті бола түсуде. Сонымен бірге шетелдік және отандық осы мәселеге арналған кешенді зерттеулер жүргізілмеген.

Зерттеудің жаңалығы сонымен қатар жұмыста балалардың құқтары өте жоғары деңгейде қорғалатын және қамтамасыз етілетін елдердің тәжірибесіне талдау жасаумен анықталады, мұны отандық тәжірибеде қолдануға болады.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Адам құқтарын талдауға мына отандық ғалымдардың елеулі ғылыми еңбектері арналған: К.К. Айтхожин, С.К. Амандықова, З.К. Аюпова, М.Т. Баймаханов, Д.М. Баймаханова, Ж. Д. Бусурманов, С.З. Зиманов, А.С. Ибраева, Е.К. Кубеев, Г.П. Лупарев, М.А. Сарсенбаев, Д.А. Оспанова, С.Н. Сабиқенов, Г.С. Сапарғалиев, С.С. Сартаев, Д.С. Сапарбаева, А.А. Черняков және т.б.

ҚР азаматтарының саяси құқтарының мәселелеріне Е.В. Мицконың диссертациялық зерттеуі арналған, оның «Демократизация общества и проблемы реализации политических прав и свобод граждан Республики Казахстан» атты монографиялық зерттеуінде азаматтық қоғамды қалыптастыру мен оның мемлекетпен қарым-қатынасының мәселелері зерттелінеді. Осы тақырып Г.С. Дулатовтың да «ҚР азаматтарының саяси құқтары мен бостандықтары» деген кандидаттық диссертациясында зерттелінді.

Азаматтардың саяси құқтарын жүзеге асырудың жекелеген аспектілері Абикенов А.А., Абайдельдинова Е.М., Айқимбаева А.А., Жанузаканова Л.Т., Дуйсенов Э.Э., Караев А.А., Сакиева Р.С. және басқалардың еңбектерінде қарастырылған.

Балалардың құқтары Н.Раззактың «Қазақстандағы кәмелетке толмағандардың құқтары» атты докторлық диссертациясында талданылған, онда кәмелетке толмағандардың құқтары жан-жақты түрде нақтылы сот істері мысалында зерттелінген. Е.А. Бурибаев пен Ж.А.Хамзинаның «Правовое регулирование социальных прав, гарантии семьи и ребенка в условиях реализации нового социального курса в РК» атты ұжымдық еңбегінде балалардың әлеуметтік құқтарына терең талдау жасалынады. А.Е.

Жатқанбаеваның. «Проблемы функционирования ювенальной юстиции в Казахстане: анализ международного опыта и отечественных реалий» атты монографиялық зерттеуі ҚР ювеналдық жүйесінің қалыптасуы мен оның қызметін жетілдіруге арналған.

Атап өтер жайт, отандық зерттеулерде жасөспірімдердің қылмыс жасауының қылмыстық, қылмыстық-процестік және криминогендік аядағы ерекшеліктеріне, оларды жауапкершілікке тарту, балаларға, олардың өмірі мен денсаулығына, құқтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстарға көптеген еңбектер арналған.

Ғылым мен тәжірибенің өзге де салаларындағы ғалым-зерттеушілердің бұл мәселеге ерекше назар аударуы оның көпқырлы және кең ауқымды мәселе екендігін дәлелдей түседі.

Саясаттану мен әлеуметтану салаларында ірі зерттеулер жүргізілген, олардың арасында Д.М. Әйкенованың «Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік саясат» атты диссертациясын атауға болады, онда тәуелсіз Қазақстанның балалар жөніндегі бағдарламалық құжаттары мен оларды іске асыру ерекшеліктері кешенді зерттелінген.

Қоғамдық денсаулық сақтау тұрғысынан балаларды әлеуметтік қолдау мәселелері Н.М. Елисинованың «Әлеуметтік жетімдікті және оның салдарларын балалардың жастық ерекшеліктері мен өмір сапасын ескере отырып сауықтыру шараларын ғылыми негіздеу» атты диссертациясында зерттелінген.

Қазақстандық педагогикалық ғылым мектебі де балалардың психологиясы мен педагогикасы, соның ішінде жастарды саяси әлеуметтендіру мәселелері бойынша көлемді зерттеулер жүргізген.

Айтып өтерлік маңызды жағдай, балалар тек соңғы 10-15 жылда ғана дербес индивид ретінде қарастырыла бастады, оған дейін олар тек отбасы мүшесі немесе анасының жалғасы ретінде талданылынды.

Шетелдік ғалымдардың ішінде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселесімен мына ғалымдар айналысты: Беспалов Ю.Ф., Воробьев В.Ф., Гаухман Л.Д., Игнатов А.Н., Красиков Ю.А., Малкова В.Д., Наумова А.В., Рарог А.И., Шипицын Л.М., Щербачков А.И., Л.А. Соболева, С.А. Стяжкина, С.Д. Ушакова және тағы басқалар.

Сонымен қатар балалар мен кәмелетке толмағандардың саяси құқтарының мәселелері ТМД мемлекеттері ғалымдарымен де зерттеліне бастады, олардың ішінде Л.М. Семашко мен В.А. Кочеткованы атап өтуге болады.

Балалардың саяси құқтарының әрқилы аспектілерін Joseph Goldstein, Anna Freud, Albert J. Solnit, Albert E. Wilkerson, Gordon D, Nandy S, Pantazis C, Pemberton SA, Townsend P., Pemberton S, V.Wallace, Demeny P., H.Helve. Ashing I., Тайлер Д. Ноултон секілді ғалымдар зерттеген.

Біздің шетелдік ғылыми жетекшіміз М. Riekkinen осы салада ірі зерттеулер жүргізгенін атап өтсек болады, біздің зерттеуіміз де оның зерттеу саласына сәйкес таңдап алынды. Оның бірқатар мақалалары әр түрлі елдердегі балалардың митингтерге, шерулерге және демонстрацияларға құқтарын және «балалардың саяси құқтары» түсінігін талдауға арналған.

Швед ғалымы Rebecca Stern-нің «The Child’s Right to Participation– Reality or Rhetoric?» атты 2006 жылы қорғалған диссертациялық зерттеуі БҰҰ-ның Балалардың құқықтары туралы Конвенцияның және адам құқықтары жөніндегі өзге де халықаралық шарттардағы бала құқықтарының теориялық және тәжірибелік мәселелеріне арналған. Бұл зерттеу осы саладағы көптеген жұмыстардың негізі болды.

Дегенмен, отандық ғылымда, Ресей Федерациясында да бала құқықтары мен оларды жүзеге асыру механизмдері мәселелеріне қызығушылықтар болғанымен, оның саяси мазмұнының мәселесі назар аударылмай тың күйінде қалып отыр. Сәйкесінше, балалардың саяси құқықтары мен оларды жүзеге асыру механизмдерінің түсінігі мен мазмұны талдау отандық және жалпы алғанда әлемдік заң ғылымында жеткілікті зерттелмеген сала болып отыр. Қазақстанның халықаралық және ұлттық заңнамасында жастарды саяси процестерге тарту міндеті қойылғандығын ескерсек, бұл мәселенің өзектілігін арттыра түседі.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты** – балалардың саяси құқықтары институтының ұлттық және халықаралық теориясын, оның ерекшеліктерін кешенді талдау, мәні бойынша саяси деп жіктеуге болатын балалардың құқықтарын бекітетін, қамтамасыз ететін, қорғайтын және оған кепілдік беретін механизмдердің жұмыс істеу мәселелеріне талдау жасау. Жоғарыда аталған саладағы мәселелерді зерттеу мен оларды шешу жолдарын негіздеу төмендегі **міндеттерді** шешу арқылы мүмкін болады:

- «балалардың саяси құқықтары» ұғымы мен оның мазмұнының құқықтық табиғатына талдау жүргізу;
- балалардың саяси құқықтары жүйесін, оның балалардың жалпы құқықтары жүйесіндегі орны мен рөлін анықтау;
- балалардың саяси құқықтарының мәнін талдау;
- Қазақстан Республикасындағы балалардың әрбір саяси құқықтарының жүзеге асыру механизмдеріне сыни тұрғыда талдау жүргізу;
- балалардың саяси құқықтары саласындағы мәселелерді анықтау мен оларды шешу жолдарын ұсыну;
- балалардың құқықтары жөніндегі заңнамаға балалардың саяси құқықтары мен олардың іске асырылуын қамтамасыз ететін нормаларды енгізе отырып, жетілдіру жөніндегі тәжірибелік ұсыныстар беру.

**Зерттеу объектісі мен пәні.** Зерттеу объектісі балалардың өздерінің көзқарастары мен пікірлерін еркін білдіру, бірігуге, бейбіт шерулерге, митингтерге, пикеттерге және демонстрацияларға, ақпараттарға қол жеткізуге, жолдану жөніндегі құқықтарын жүзеге асыруды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелінетін қоғамдық қатынастар болып табылады.

**Зерттеу пәні ретінде** баланың құқықтары мен заңды мүдделеріне, өмір сүруі мен болашақ дамуына қолайлы жағдайлар қалыптастыруға тікелей әсер етуші факторларға өзіндік көзқарастары мен пікірлерін білдіру мәселелеріндегі еркіндігіне өзіндік құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруды

қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік-құқықтық база мен мемлекеттің ұйымдастырушылық қызметі түседі.

**Теориялық әдістемелік негізі.** Жұмыстың теориялық базасы құқық теориясы, адам және азаматтың құқы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының, салыстырмалы конституциялық құқықтың тұжырымдамалары, құқықтық компаративистика саласындағы ғалымдар мен тәжірибедегі мамандардың еңбектері болды. Сондай-ақ саясаттанушы, педагог, психолог, әлеуметтанушы және өзге де сала ғалымдары мен өкілдерінің еңбектері.

**Зерттеудің әдістемелік негізін** жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдіснамалардың үндестігі құрады. Жалпы ғылыми әдіснама гуманитарлық ғылымдардың маңызды бағыттарының жетістіктерін өзіне сіңіріп, мемлекет, қоғам, ұжым және тұлға ара-қатынасын түсінуді сипаттайды. Ол өзіне қоғамдық дамудың объективтік және субъективтік факторларын ескеруді, себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастарды, олардың институционализациясы мен субординациясын, сондай-ақ мирасқорлық пен конституциялық құқық заңнамасының дамуы кезеңділігін қамтиды.

Жұмыста жеке ғылыми әдістер де кеңінен қолданылынды: формальды-құқықтық және құрылымдық-жүйелі талдау, нақтылы-тарихи, салыстырмалы-құқықтық, логикалық, әлеуметтік және статистикалық әдістер, талдау және синтез әдістері, үлгілеу әдісі және т.б.

**Зерттеудің нормативтік негізін** адам және бала құқтары жөніндегі халықаралық конвенциялар, Қазақстан Республикасының Конституциясы, конституциялық заңдары және өзге де заңдары құрады. Жастар саясаты жөніндегі мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар мен тұжырымдамалар жүйесін, арнайы уәкілетті орталық және жергілікті атқарушы және өкілді органдардың актілерін ерекше атап өтуге болады.

**Зерттеудің эмпирикалық базасы** уәкілетті мемлекеттік органдардың және халықаралық құқық қорғаушы ұйымдардың тәжірибелік қызметінің материалдары, қарастырылып отырған мәселеге тікелей қатысы бар ғылым мен тәжірибенің әртүрлі салаларындағы талдау зерттеулерінің нәтижелері, қолданыстағы халықаралық, отандық және шетелдік заңнама мен нақтылы істер бойынша материалдар болды.

**Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары.** Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша балалардың саяси құқтары институтының ерекшеліктері мен маңызын ашатын мынадай ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылады:

1. Балалардың саяси құқы – бұл, мемлекетпен бекітілген және кепілдік берілген балалардың қауіпсіз және лайықты өмір сүруі мен дамуына құқтары мен заңды мүдделеріне тікелей немесе жанама түрде қатысы бар, қоғамның саяси өмірінің әртүрлі салаларында өздерінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіншіліктері.

Балалардың саяси құқтары екіұдай сипатқа ие. Бір жағынан бұл мемлекет пен қоғамдық өмірге әсер етуден көрінсе, екінші жағынан қоғамның әртүрлі



салаларында балалардың сенімдерін, нанымдарын, мүделерін көрсету мүмкіндігі.

Жастарының психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес балалардың саяси құқтарының мәні, бұл өздерінің қажеттіліктерін мемлекеттік және қоғамдық институттарға жеткізу;

2. Адам құқтарын қорғау саласындағы халықаралық-құқықтық стандарттардың, адам құқығы теориясының ережелерінен, ішкі мемлекеттік заңнамадан бастау ала отырып, балалардың негізгі саяси құқтары мен бостандықтарына төмендегілері жатқызуға болады:

- кез келген заңмен тыйым салынбаған әдістермен ақпараттарды еркін алуға және таратуға;
- бірлесу бостандығына құқы;
- жария іс-шараларды, митингтерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткіуге, бірақ заңмен көрсетілген тәртіпте;
- жолдануға құқық;

Сайлау құқығы әрбір ересек адамның негізгі құқының орталық буыны болып табылады. Кәмелетке толмағандардың психологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дауыс беруге және сайлануға саяси құқы шектелген деп есептейміз. Кәмелетке толмағандардың бұл құқы төмендегідей жолдармен іске асыруға болады:

- саяси партиялардың жастар қозғалысына (қанатына) қатысу;
- сайлау компанияларын дайындау мен жүргізу процесінде;
- жастардың қоғамдық құрылымдарына қатысу;

Мемлекеттік қызметке кіру секілді саяси құқық жастық цензбен шектелуі тиіс және кәмелетке толмағандарға тән емес.

Балалардың жоғарыда аталған саяси құқтарының жиынтығы құқық саласы ретіндегі конституциялық құқықта негізгі орын алатын адамның және азаматтың саяси құқтарының құрамдас бөлігі болып табылады.

Жастарды еліміздің саяси өміріне тарту балаларды 14 жасқа толғаннан бастап қамтуы керек. Сонымен бірге қолданыстығы терминология ешқандай шектеу қолданбайды, яғни негіз ретінде азаматтардың саяси құқтары алынады.

Қазақстан заңнамасында бекітілген «бала» термині өте кең жастық категорияны (туғаннан 18 жасқа дейінгі) қамтиды, мұны бөлшектеп жіктеу қажет:

- бала – туғаннан 14 жасқа дейінгі;
- жасөспірім – 14 жасқа толған бірақ 18 жастан аспаған тұлғалар.

Бұл терминді Қазақстан Республикасының 9 ақпан 2015 жылғы № 285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен, сондай-ақ «Балалардың құқығы туралы» заңына өзгеріс енгізу жолымен толықтырылуы қажет;

4. Әлемдік қоғамдастықтың жастарды қоғам мен мемлекеттің өміріне белсенді түрде тарту үшін қолға алған жұмысы үкіметтердің мақсатты саясаты болып табылады. Мақсаты – белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру, саяси сауаттылық деңгейлерін арттыру, өздерінің ішкі сенімдері негізінде қоғамның өміріне қатысудың қажеттілігін тану.

14 пен 29 жас аралығын қамтып отырған мемлекеттің жастар саясаты жөніндегі заңнамасына сыни тұрғыда талдау жасау, оның басшылыққа алған мақсаттары мен халықаралық тенденциялардан елеулі артта қалушығын, соның ішінде жастарды еліміздің әлеуметтік-эконмикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту жөніндегі жағдайлар жасалмағандығын көрсеті. Ал Қазақстанның қазіргі ішкі саясаты жағдайы жастарды жергілікті және мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді шешуге белсенді түрде тартуды, тұрақсыздық тудырушы факторларға қарсы тұратын саяси сауаттылық пен мәдениетке оқытуды талап етеді.

Осыларға байланысты, балалардың пікірімен санасу мен жастарды қоғамның және мемлекеттің саяси өміріне тарту жөніндегі Финляндия мен Германияның тәжірибесін пайдалануды ұсынамыз. Олардың ерекшелігі балалардың құқтары мен бостандықтарына тікелей немесе жанама әсер ететін сұрақтарды шешу кезінде балалар мен жасөспірімдердің пікірлерін ескеруді міндеттеуге негізделген біріңғай механизм.

5.Қазақстан Республикасының балалардың құқтары туралы заңнасын және саяси құқықтар туралы заңнамаларын талдау көрсетіп отырғандай, олар кәмелетке толмағандардың (жасөспірімдердің) кешенді саяси құқтарын жүзеге асыруға бейімделмеген. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізген жөн:

5.1 Шетелдердің тәжірибесіне сүйене отырып, саяси партиялар қажетті құралдарға ие бола отырып, жастар қозғалыстарына саяси және патриоттық тәрбие беру жолымен, білім, спорт, рухани-өнегелік іс-шаралар өткізе отырып, мемлекеттің және партияның саясатының құқықтық және өзге де аспектілерін түсіндіре отырып әсер ете алады.

Осыған байланысты «саяси партиялар туралы» заңға енгізу қажет:

1) Саяси партиялардың құқықтары мен міндеттерін қарастырған 15 – баптың 2-тармағына 2-тармақ 5-тармақша ретінде саяси партиялардың жастар қанатына 16 жасқа толған азаматтарды тарту құқығын;

2) 8-бапқа, 16 жасқа толғандар саяси партиялардың мүшесі бола алады деп толықтыру енгізу;

3) 3-Тарауды саяси партиялардың жастар қанаты жөніндегі баптармен толықтыруды, осы арқылы оларға тіркеу құқығынсыз және міндетті тіркеусіз ресмилік мәртебе беру. Жастар қанаты кәмелетке толмағандардың саяси еркін , олардың мәселелерін анықтау мен шешу, оларды мемлекеттік билік пен жергілікті басқару органдарына жеткізу мақсатында құрылатындығын айқындау.

Саяси партиялардың жастар қанатының құқықтары ретінде мыналарды бекіту қажет:

1) оның мүшелерін сайлау кампанияларына тарту: үгітшілер, штаб мүшелері, байқаушылар және т.б. ретінде;

2) бағдарламалық құжаттарды дайындауға атысу;

3) ақпараттық көмек көрсетулер және т.б.

Бұлар Қазақстан Республикасының 28 қыркүйек 1995 жылғы № 2464 «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» заңына енгізілуі тиіс.

5.2 «Балалардың және жастардың қоғамдық ұйымдары туралы» арнайы заң қабылдау қажет». Онда «балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктері ерікті, олардың ортақ саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқтары мен бостандықтарына қол жеткізу, заңдарға қайшы келмейтін белсенділігі мен дербестігін дамыту мақсаттарына қол жеткізу үшін құрылады», деп бекітілуі қажет. Сондай-ақ оған мүшелерінің пікірлері мен мұқтаждықтарын білдіру мақсатында төмендегідей құқықтар кешені бекітілуі тиіс:

- ҚР Президентіне, ҚР Үкіметіне және өзге де уәкілетті органдарға балалар мен жастардың жағдайы жөнінде баяндамалар әзірлеу, сондай-ақ балалардың құқтарын қорғау және мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- заң шығару бастамашылығы бар құқық субъектілеріне балалар мен жастардың құқықтарына әсер ететін заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар беру;

- жастар саясаты жөніндегі іс-шаралар мен балалар құқтарын қорғау мен қамтамасыз ету жөніндегі саясатты қоса алғанда, мемлекеттік бағдарламалар жобаларын әзірлеу мен талқылауға қатысу.

5.3 Балалар мен жастар ұйымдарының әртүрлі іс-шараларды, соның ішінде жиындарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды Қазақстан Республикасының заңдарын қатаң сақтай отырып ұйымдастыру мен өткізу құқығын заң деңгейінде бекіту. Бұл жағдайда, олардың ата-аналары немесе оларды алмастырушылар (мұндай іс-шараларға қатысуға жазбаша рұқсат болғанда ғана), ұйымдастырушылар, білім беру ұйымдары, жергілікті басқару органдары, құқық қорғау органдары мұндай іс-шараларды ұйымдастырудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуілуі, яғни оларға қатысатын балаларға қатысты күш қолдану тәуекелін, эксплуатациясын, өзге де жағымсыз салдарларын болдырмайтын жағдайлар жасауы қажет.

5.4 ҚР Жоғарғы Соты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекстің «кәмелетке толмағандарды қоғамдық, топтық, немесе жеке мүдделер мен қарсылықтарды білдірудің нысандарына пайдалану» нормасына ресми түсініктеме беруі тиіс.

5.5 ҚР Қылмыстық Кодексіне кәмелетке толмағандарды бұқаралық іс-шараларға, соның ішінде «нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік, діни төзбеушілікке, әлеуметтік артықшылыққа, конституциялық құрылысты құлатуға, республиканың аумақтық тұтастығына қол сұғушылыққа, сондай-ақ Конституцияның өзге де ережелерін бұзуға» шақыру үшін қоданушыларға жауапкершілікті бекітетін норманы енгізу қажет;

6. Балалардың жолдану құқы олардың өз құқтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін қорғаудың маңызды кепілі және өздерінің пікірлерін білдірудің құралы болып табылады деп есептейміз, оны баланың негізгі саяси құқы ретінде қарастыруымыз қажет.

Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының балалардың құқтары жөніндегі заңнамасына және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы» ҚР заңына төмендегілерді енгізу қажет:

а) 14 жасқа толған балалар ата-аналарының өкілдік етуінсіз мемлекеттік және өзін-өзі басқару органдарына, оқу орындарының әкімшіліктеріне жолдануға құқын;

б) кәмелетке толмағандардың өтініштерін жалпы негізде, арнайы есеп пен тіркеу жүргізе отырып, олар бойынша шешім қабылдауды мемлекеттік органдарға міндеттеуді, әсіресе олар шағым берген болса ол туралы әлеуметтік қызметтер мен уәкілетті органдарға (қорғаншылық және қамқоршылық) хабар беруді.

с) олардың құқтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, оларға қарсы кез келген құқыққа қарсы әрекеттер болса балаларға сот пен құқық қорғау органдарына жолдау құқын ресми бекітуді.

**Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы** отандық ғылымда алғаш рет «балалардың саяси құқтары» түсінігінің құқықтық анықтамасының берілуінен көрінеді. Тәжірибелік маңызы кешенді талдау негізінде Қазақстан Республикасындағы балалардың құқтары мен бостандықтарын қорғаудың механизмдерін жетілдіруге байланысты ұсыныстар беруден тұрады. Бұл диссертациялық жұмыс азаматтардың, соның ішінде балалардың саяси құқтары туралы заңнамалық актілерді және жастар саясаты саласындағы нормативтік құжаттарды одан әрі жетілдіру кезінде ерекше маңызға ие болады.

Берілген ұсыныстарды конституциялық, әкімшілік, ақпараттық және өзге де заңнамаларды дамыту аясында, ҚР Парламентінің заңшығарушылық қызметінде заң жобаларын әзірлеуде, балалардың құқықтарын қорғау мен азаматтық қоғамды дамытуға арналған әртүрлі үкіметтік және өзге де бағдарламаларды әзірлеуде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдарын жоғарғы оқу орындарында «Құқықтану» мамандығы бойынша мамандар даярлаудағы конституциялық, әкімшілік, ақпараттық құқық және өзге де пәндер мен арнайы курстар өткізуде пайдалануға болады.

**Зерттеу нәтижелерін анықтау** диссертациялық жұмысты орындаудың әр кезеңін орындаудың нәтижелеріне орай жүргізіліп отырды. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасында орындалды. Зерттеудің негізгі нәтижелері төмендегі жұмыстарда көрініс тапқан:

1. Riekkinen, M., Adilghazi, S., Tasbulatova, A. Protected or Neglected? Analysing Legislation Governing Minors' Participation in Protest Rallies in Russia against the Background of International Law // International Journal of Children's Rights. - 27(3), с. 482-516. – 2019.

2. Тасбулатова А.А., Жатқанбаева А.Е. К вопросу об истории становления понятия «правовой статус ребенка». // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2016. - № 4 (80). — С. 58-64.

3. Tasbulatova A.A., Zhatkanbayeva A.E. Revisiting legal protection of minors conscience against negative information in influence // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2017. - № 1 (81). – С.74-78.

4. Тасбулатова А.А. К вопросу о некоторых «политических правах ребенка» в Республике Казахстан // Наука и жизнь Казахстана. – 2017. - № 6 (50). - С.192-197.

5. Tasbulatova A.A., A.E. Zhatkanbayeva A.E., Mariya Riekkinen. Revisiting the issue «Political rights of the child» in the Republic of the Kazakhstan // Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. Series of social and human sciences. - 2019. - № 2 (324). – С.13-18.

6. Тасбулатова А.А. Проблемы правовой защиты сознания детей и несовершеннолетних от негативного воздействия // Материалы Международной научно-теоретической конференции в рамках Сапаргалиевских чтений на тему: «Актуальные проблемы государственно-правового развития Республики Казахстан», посвященная 25-летию государственной независимости Республики Казахстан. – 2016. – С. 232-237.

7. Жатканбаева А.Е., Тасбулатова А.А. О реализации международных норм в уголовно-исполнительном законодательстве Республики Казахстан по защите прав детей в сфере правосудия // Материалы международной научно-практической конференции на тему: «Актуальные проблемы современной науки», посвященной 75-летию заслуженного деятеля Республики Казахстан, д.ю.н., профессора Жалаири О.Ш. и 25-летию Евразийской юридической Академии им. Д.А. Кунаева. – 2017. - С. 112-124

8. Тасбулатова А.А. Система социальной поддержки студентов как компонент корпоративной культуры вуза // Материалы Республиканской научно-методической конференций «Актуальные проблемы преподавания юридических дисциплин в условиях интеграции» 24 ноября 2015г. – С. 73-78.